1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

ақпараттық қауіпсіздікті жаңғырту қажеттілігін және шағын және орта бизнесте цифрлық шешімдерді жедел енгізу қажеттілігін қоса алғанда, бірқатар сын-тегеуріндерге тап болады. Бұл проблемаларды шешу мемлекет, бизнес және ғылыми қоғамдастық тарапынан үйлестірілген іс-қимылды талап етеді.

Осылайша, тиімді цифрлық стратегия Қазақстанға инновациялық дамуды жеделдетіп қана қоймай, тұрақты цифрлық экономиканы құруға мүмкіндік береді. Осы саладағы болашақ зерттеулер іске асырылып жатқан стратегиялардың тиімділігін бағалауға және ұйымдарды цифрлық трансформациялаудың жаңа тәсілдерін әзірлеуге бағытталуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бюро национальной статистики Республики Казахстан. (н.д.). Официальная статистика. Дата обращения: 27 марта 2025. <https://stat.gov.kz>

2. Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан. (2023). *Цифровая трансформация Казахстана: стратегические инициативы и перспективы*. Астана.

3. Правительство Республики Казахстан. (2024). *Программа «Цифровой Казахстан»: результаты и перспективы развития*. Дата обращения: 27 марта 2025. Получено с <https://primeminister.kz>

4. Назарбаев, Н. А. (2017). *Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность*. Казахстанская правда, 1(1), 1-5.

5. АО «Зерде» Национальный инфокоммуникационный холдинг. (2023). *Цифровизация экономики Казахстана: анализ и прогнозы*. Астана: Зерде.

ӘОЖ 334.024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН БАСҚАРУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ

Нурбекқызы Ақсунқар

[@aksunkar.nur14@gmail.com](mailto:aksunkar.nur14@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Молдашев

Инновациялық даму – бұл жаңа технологияларды, ғылыми жаңалықтарды және озық идеяларды пайдалана отырып, экономиканы, өндірісті және әлеуметтік саланы жетілдіру. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – жаңа әрі тиімді технология енгізу арқылы өмір сүру сапасын жақсарту және оңайландыру. Ғылыми тұрғыдан алғанда, инновациялық даму – ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практикалық қолдану, яғни жаңа өнімдер, қызметтер немесе технологиялар жасап, оларды нарыққа енгізу. Бұл процестің мақсаты – өндіріс тиімділігін арттыру, ресурстарды үнемдеу, өнімнің немесе қызметтің сапасын жақсарту және халықтың өмір сүру деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасының инновациялық дамуын басқару – елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсімін қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі. Ғаламдық экономикада бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін мемлекет тек табиғи ресурстарға сүйеніп қана қоймай, жоғары технологиялық салаларды дамытуға және ғылым мен білімге негізделген инновациялық экономиканы қалыптастыруға басымдық беруі қажет.

Экономикадағы көп салалар шикізаттан алшақтап, цифрландыру, жасанды интеллект, «жасыл» технологиялар, биотехнология және басқа да жоғары технологиялық бағыттарға бет бұруға ұмтылуда. Бұл үшін инновацияларды тиімді басқару, ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру, кәсіпорындар мен ғылыми орталықтар арасындағы ынтымақтастықты күшейту, венчурлік қаржыландыруды дамыту және қолайлы инновациялық экожүйе қалыптастыру маңызды.

Алайда елде инновациялық дамуды тежейтін бірқатар мәселелер бар:

- Ғылыми зерттеулердің жеткіліксіз қаржыландырылуы;
- Ғылым мен бизнестің әлсіз байланысы;
- Жаңа технологияларды енгізудегі институционалдық және құқықтық кедергілер;
- Кадр тапшылығы және инновациялық ойлау дағдыларының төмен деңгейі;
- Ішкі нарықтың тарлығы және экспортқа бағдарланған инновациялық өндірістердің аздығы.

Осы мәселелерді шешу үшін тиімді мемлекеттік саясат жүргізу, ғылыми-зерттеу институттары мен жеке сектор арасындағы кооперацияны арттыру, инновациялық инфрақұрылымды дамыту және білім экономикасына көшу процесін, біз сөзбен инновациялық жобаларды дұрыс жеделдету қажет.

Қазақстанда инновациялық дамуды қолдау үшін бірнеше мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр:

- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы – ел экономикасын цифрландыру арқылы оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және цифрлық технологиялардың кеңінен қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарлама. Бұл бағдарлама 2017 жылы қабылданып, оның негізгі мақсаты – экономиканың түрлі салаларына цифрлық технологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру, инновацияларды дамыту және адами капиталды жақсарту.

- «Индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасы – ел экономикасын әртараптандыруға, өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға және бәсекеге қабілетті отандық өндірісті қалыптастыруға бағытталған стратегиялық жоба. Бұл бағдарлама 2010 жылдан бастап бірнеше кезеңмен жүзеге асырылып келеді және оның басты мақсаты – индустрияландыру арқылы экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, өңдеуші сектордың үлесін арттыру және инновациялық технологияларды кеңінен енгізу. Бағдарлама шикізаттық экономикадан алшақтап, ғылымды қажет ететін, жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға, инвестиция тартуға және экспорттық әлеуетті арттыруға басымдық береді.

- «Ұлттық инновациялық жүйені дамыту» стратегиясы – Қазақстанда ғылыми-зерттеу қызметін, технологиялық жаңалықтарды және жоғары қосылған құнды өнімдер өндірісін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Бұл стратегияның негізгі мақсаты – елдегі инновациялық экожүйені қалыптастыру, ғылым мен бизнестің өзара байланысын нығайту және Қазақстанның жаһандық инновациялық кеңістікте бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қазақстанда инновациялық жобаларды қаржыландыру – жаңа технологиялар, өнімдер немесе қызметтер жасау үшін қажетті қаражатты әртүрлі көздерден тарту процесі. Бұл қаржыландыру түрі әдетте мемлекеттік органдар, жеке инвесторлар, венчурлік қорлар, банктер немесе халықаралық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Мұндағы мақсат – инновациялық идеяларды жүзеге асыру, ғылыми зерттеулерді қолдау және жаңа технологияларды нарыққа енгізу. Қазақстанда инновациялық жобаларды қаржыландыру бірнеше көздерден жүзеге асады:

- Мемлекеттік гранттар мен субсидиялар;
- Даму институттары мен венчурлік қорлар;
- Жеке инвестициялар мен халықаралық гранттар.

Алайда инновациялық жобаларға бөлінетін қаржы әлі де жеткіліксіз. Көптеген инвесторлар тәуекел деңгейінің жоғары болуына байланысты инновациялық стартаптарға қаржы құюдан тартынады. Венчурлік нарық енді ғана дамып келе жатқандықтан, жоғары технологиялық кәсіпорындардың капиталға қолжетімділігі шектеулі.

Елде инновацияларды дамытуға арналған бірнеше технопарктер мен орталықтар жұмыс істейді:

- Astana Hub – IT-стартаптарды дамытуға арналған халықаралық технопарк.

- Alatau IT City (Алатау технопаркі) – ғылыми-технологиялық жобаларды қолдау орталығы.
- Инновациялық кластерлер – Назарбаев Университеті жанындағы инновациялық зертханалар және өңірлік ғылыми парктер.

Бұл инфрақұрылым инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға ықпал еткенімен, технологиялық трансфер, зияткерлік меншікті қорғау және халықаралық серіктестіктерді кеңейту сияқты мәселелер әлі де өзекті болып отыр.

1-кесте. Өткізілген инновациялық өнім көлемі (тауарлар, қызметтер) (млн)

	2022ж	2023ж	2024ж
Қазақстан Республикасы	1318106,1	1739822,8	2381167,5
Солтүстік Қазақстан	11114,8	259891,9	244372,9
Орталық Қазақстан	72 674,3	72 776,6	43 212,5
Оңтүстік Қазақстан	67 074,2	79 285,9	65 915,0
Шығыс Қазақстан	39 615,5	15 206,1	67 590,3
Батыс Қазақстан	17 840,7	19 648,4	26 047,1

Бұл кестеде инновациялық Еліміздің 5 аумағындағы инновациялық өнім көлемінің көрсеткіштері соңғы 3 жылда бейнелеген. 3 жылда тауарлар мен қызметтер бойынша әр облыста өсім көреміз. Оның себебі уақыт пен заман дамыған сайын біздің күнделікті қолданыстағы заттарда даму үстінде. Олардың жаңа дамуы біздің өмірімізде оңтайландырып, көп мүмкіндіктер береді.

2-кесте – «Инновация» факторы бойынша Қазақстанның ұстанымы

Атауы	Орын 2018-2021ж (133 мемлекет)	Орын 2018-2022ж (139 мемлекет)	Орын 2018-2023ж (142 мемлекет)
«Инновации»	64	70	71
Инновациялық дамудың шарттары	50	55	57
Ғылыми-зерттеу институттарының сапасы	78	78	79
Компаниялардың әзірлеу және ғылыми-зерттеу қызметіне жұмсайтын шығындары	60	70	75
Компаниялардың әзірлеу және ғылыми-зерттеу қызметіне жұмсайтын шығындары	100	111	119
Үкімет Озық технологиялық өнімдерді сатып алу	77	83	85
Ғалымдар мен инженерлердің болуы	74	81	86
Патенттер	85	81	81

2-кестеден «Инновация» факторының барлық құрамдас бөліктері бойынша, патенттер санын қоспағанда, соңғы үш жылда Қазақстанның рейтингі дамығанын көрсетілген. Рейтингтегі ең елеулі инновациялық даму жағдайлары (57 орынға), компаниялардың тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен ғылыми-зерттеу қызметіне шығындары (75 орынға) көрсеткіштеріне қатысты. Осыған байланысты ғылым мен

инновациялар статистикасы өте маңызды, себебі олар ғылым мен инновациялық дамудың экономикалық және әлеуметтік әсерін түсіндіруге, басқа елдермен халықаралық салыстырулар жасауға және мемлекеттік саясатты бағалауға мүмкіндік береді және саясат шараларына бағдар ретінде қызмет етеді. Аяқталған ғылыми-техникалық жұмыс көлемінің көрсеткіштері; Жалпы шығындар, ішкі шығындар және ағымдағы шығындар қызмет секторлары бойынша қалыптасады.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру инновациялық дамуда өте маңызды. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер (ҒЗТКЖ) инновациялық үдерістердің негізін құрайды, өйткені олар жаңа технологиялар мен өнімдердің пайда болуына, бизнес-процестерді жетілдіруге және жалпы экономикалық өсімге ықпал етеді.

3-кесте – 2020-2023 жылдарға арналған ҒЗТКЖ негізгі көрсеткіштері

	2020ж	2021ж	2022ж	2023ж
ІЖӨ-дегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға ішкі шығыстардың үлесі %	0,24	0,45	0,67	0,81
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдардың саны	437	497	589	734
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен қамтылған персонал саны, жыл қорытындысы бойынша мың адам	19,6	20,8	23,3	55,8
Ғылыми және техникалық жұмыстар атқарылды	35,6	37,0	49,8	56,8
іргелі зерттеулер үлесі, %	12,3	14,4	18,6	19,3
қолданбалы зерттеулер үлесі, %	51,1	53,2	63,8	70,8
ғылыми-техникалық әзірлемелердің үлесі, %	29,5	25,4	28,4	28,9
ғылыми және техникалық қызметтердің үлесі, %	7,1	13,0	19,3	21,0

2020-2023жылдары Қазақстанда барлық қаржыландыру көздерінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған ішкі шығындар ЖІӨ-нің 0,21-0,81% шегінде болды, ал 2010 жылдың соңына қарай ЖІӨ-нің 0,81%-ына дейін жоғарлады. Бұл көрсеткіштер өте жақсы нәтижені көрсетеді.

Қазақстанның инновациялық даму қарқыны соңғы жылдары біршама өсіп келе жатқанымен, әлі де шешуді қажет ететін түйткілді мәселелер бар. Елдің инновациялық әлеуетін арттыру мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, қаржылық және институционалдық қолдау көрсетілуде. Дегенмен, инновацияларды енгізу мен басқару жүйесінде бірқатар кедергілер сақталуда.

Инновациялық экожүйені дамыту үшін ғылым мен бизнестің арасындағы байланыс нығайтылуы тиіс. Ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларға арналған қаржыландыру көлемін арттыру үшін мемлекеттік гранттар мен жеке сектордың инвестицияларын тарту қажет. Сонымен қатар, жаңа технологиялар мен кәсіпкерлік идеяларды коммерцияландыру процесін жеңілдету үшін арнайы заңнамалық және нормативтік өзгерістер енгізу маңызды. Ғылыми зерттеулер мен кәсіпкерлік секторды қолдау мақсатында кәсіпорындар мен ғылыми орталықтар арасында тығыз ынтымақтастық орнату қажет. Бұл шаралар инновациялық дамуды тездетіп, еліміздің технологиялық тұрғыдан дамуына ықпал етеді.

1. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды арттыру

Мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы серіктестікті дамыту ғылыми зерттеулерді қаржыландыру үшін мемлекеттік гранттар мен жеке инвесторлардың қатысуын арттыру керек. Осы арқылы ғылыми-зерттеу институттары мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты күшейтуге болады. Ғылыми инфрақұрылымды жетілдіру. Зертханалар мен ғылыми орталықтарды заманауи құралдармен жабдықтап, оларды халықаралық ғылыми қауымдастықтармен бірігіп жұмыс жасауға ынталандыру керек.

2. Институционалдық және құқықтық реформалар

Құқықтық және нормативтік базаны жаңарту инновациялық жобаларды жүзеге асыруға кедергі келтіретін заңдар мен нормативтік актілерді қайта қарау және жаңарту. Бұл әсіресе интеллектуалды меншік құқығын қорғауға қатысты мәселелерді шешу үшін маңызды. Инновацияларға арналған салық жеңілдіктер ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларға арналған салық жеңілдіктерін енгізу. Бұл кәсіпкерлер мен инвесторларды қолдауға мүмкіндік береді.

3. Инновациялық инфрақұрылымды дамыту

Технопарктер мен инновациялық кластерлерді кеңейту қажет. Мемлекеттік және жеке секторлардың қатысуымен технопарктер мен зерттеу орталықтарының жұмысын жандандыру. Бұл жүйе инновациялық кәсіпкерлікті қолдау және оны дамыту үшін тиімді құрал болып табылады. Жасыл технологиялар мен экологиялық жобаларды дамытуда экологиялық таза технологиялар мен «жасыл» өндіріс әдістерін дамыту арқылы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инновациялық жобаларды қоршаған ортаға зиянсыз ету.

Бұл шаралар елдің инновациялық даму жүйесін жетілдіріп, оны халықаралық аренада бәсекеге қабілетті етуге мүмкіндік береді. Инновацияларды енгізу мен басқарудың тиімді жүйесін құру арқылы Қазақстан өз экономикасын жаңа деңгейге көтере алады.

Қазақстан Республикасының инновациялық дамуы елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін маңызды бағыт болып табылады. Мемлекет үшін тек табиғи ресурстарға тәуелді болудан арылып, ғылыми және технологиялық прогресті негізге алған инновациялық экономика қалыптастыру – басты мақсаттардың бірі. Бұл бағытта көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда, стратегиялары ел экономикасының түрлі салаларын цифрландыруға, өнеркәсіптік өндірісті дамытуға және жаңа технологияларды енгізуге бағытталған. Елде инновациялық инфрақұрылымның дамуы, ғылыми-зерттеу институттары мен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықты нығайту, кадрлар даярлау және халықаралық серіктестіктерді кеңейту сынды мәселелер өзектілігін жоғалтпайды. Сонымен бірге, бұл мәселелерді шешу үшін тиімді мемлекеттік саясат, инновациялық экожүйенің қолайлы шарттарын қалыптастыру және білім экономикасына көшу қажеттілігі артып отыр. Қорыта келгенде, Қазақстанның инновациялық даму стратегиясын тиімді жүзеге асыру үшін жүйелі түрде ғылыми зерттеулер мен жоғары технологияларды қолдау, кәсіпкерлік секторды ынталандыру және инвестициялық климатты жақсарту қажет. Осылайша, елдің жаһандық инновациялық бәсекеге қабілеттілігін арттырып, тұрақты экономикалық даму мен әлеуметтік прогреске қол жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.stat.gov.kz> Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің ресми сайты
2. 2012 жылы 9 қаңтардағы ҚР «Индустриалды-инновациялық мемлекеттік қызметті қолдау туралы» заңы
3. <http://www.natd.gov.kz/> «Технологияны дамыту жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ ресми сайты
4. «Экономика и қоғам» №3(8) 2013

5. Чайковская Л.П., Рыбакова С.И. «Инновациялық даму шараралары» АльПари, - 2010. - №1, - 42-44 б

6. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы №874. – 2020 [Электрондық ресурс]. – 20. - URL: http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

ӘОЖ 336

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ САПАСЫНА ЫҚПАЛЫ

Нурпеисова Ақбота Маратқызы

akbota.nurpeisova.02@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 7М04117 Инновациялық менеджмент кафедрасының 1 курс Магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – К.Байгабулова

Қызмет көрсету саласындағы цифрландыру жаңа мүмкіндіктер ашып, кәсіпорындар мен тұтынушылар арасындағы өзара байланысты түбегейлі өзгертуде. Сандық технологияларды енгізу қызмет көрсету сапасын жақсарту, жұмыс тиімділігін арттыру және шығындарды азайту бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар тұтынушылардың сұраныстарын жылдам қанағаттандырып, тапсырыс беру және төлем жасау үдерістерін жеңілдетеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдау құралдары бизнес-процестерді оңтайландыруға және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұлттық технологиялар мен автоматтандырылған жүйелер компаниялардың өндірістік және әкімшілік шығындарын төмендетіп, қызмет көрсету саласының тиімді дамуына жол ашады.

Цифрлық трансформация – бұл компаниялардың бизнес-процестерін түбегейлі өзгертіп, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен үлкен деректерді қолдану арқылы басқару мен технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіру үдерісі [2]. Қызмет көрсету саласындағы негізгі мақсаты – ақпараттандыру мен интеллектуализация деңгейін жоғарылатып, «адам факторына» тәуелділікті азайту. Цифрландырудың әсерін төрт негізгі бағыт бойынша қарастыруға болады (Сурет -1).



Сурет -1: Цифрландырудың қызмет көрсету саласына әсер ету бағыттары [3]

Цифрландыру қызмет көрсету саласына төрт негізгі бағыт бойынша ықпал етеді. Біріншіден, қызмет көрсету субъектісі өзгеруде, яғни тұтынушылар мен қызмет көрсетушілер арасындағы өзара әрекеттесу жаңа деңгейге көшуде – чат-боттар, виртуалды ассистенттер және автоматтандырылған жүйелер клиенттерге қызмет көрсетуді жеңілдетеді. Екіншіден, қызмет көрсету саласының өзі кеңеюде, жаңа цифрлық өнімдер мен онлайн сервистер пайда болып, қызмет түрлері көпшілікке қолжетімді бола түсуде. Үшіншіден, қызмет көрсету құралдары жаңарып, мобильді қосымшалар, бұлттық технологиялар және жасанды интеллект шешімдері арқылы бизнес-процестер оңтайландырылуда. Соңғысы, қызмет көрсету процесін ұйымдастыру түбегейлі өзгеріп, деректерді талдау,